

FTAХР 06.52.45  
ЭОЖ 33.336.13**С.Н. АБИЕВА,<sup>1</sup>**

Э.ғ.к.

Абай атындағы ҚазҰПУ  
«Сорбонна-Қазақстан» Институты<sup>1</sup>**ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДА ШЕТЕЛДІК  
ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ****Андатпа**

Мақалада Қазақстан экономикасында шетелдік инвестициялардың қазіргі жағдайы қарастырылады. Экономиканың дамуына шетелдік инвестициялардың ағыны маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, шетелдік инвестицияларын тарту және оларды тиімді пайдалану қажетті объективті процесс. Белгілі болғандай, біздің еліміздің мемлекеттік инвестициялық саясатының негізгі міндеті инвестициялық жобаларды одан әрі жетілдіру және тиімді инвестициялық жобаларды мемлекеттік қолдау арқылы капиталға инвестицияларды қаржыландырумен жеке отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін бюджеттен тыс көздерді кеңейту үшін қолайлы орта жасау болып табылады. Нарықтық қатынастарға бағдарланған экономикалық реформалардың негізгі бағыты экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және экономиканың тиімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік инвестициялық саясатты әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады. Туындаған күрделі жағдайда экономиканың құрылымдық түрленуін реформалауды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасының негізінде және шектеулі ішкі қаржыландыру көздері контекстінде қамтамасыз ету үшін республиканың экономикасына шетелдік капиталды тарту аса маңызды болып табылады. Мақалада Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың көлемін болашақта арттыруға, аталған мәселелерді шешуге байланысты автормен ұсыныстар беріледі.

Тірек сөздер: шетелдік инвестиция, экономикалық өсу, өнеркәсіп, инвесторлар, инновациялар, макроэкономикалық көрсеткіштер, капиталдандыру, халықаралық компаниялар, инфрақұрылым.


Қазақстан экономикасында шетелдік инвестициялар ерекше рөл атқарады, демек тек капиталдандыру көзі ғана емес, сондай-ақ жаңа технологиялар мен әкімшілік басқару әдістері де бола алады. Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту және оларды тиімді пайдалану объективті қажетті процесс болып табылады. Әлемде экономиканың барлық салаларының түрленуі кезінде басқа дамыған елдер сияқты Қазақстанда тікелей инвестициясыз әлемдегі дамыған отыз ел қатарына кіру, өзінің инфрақұрылымын толық дамыту, бәсекеге қабілетті ел болуы мүмкін емес. Сонымен қатар, шетелдік инвестициялар қосылған құны жоғары тікелей немесе жанама жаңа жұмыс орындары мен жаңа инновациялық кәсіпорындар құрады.

Қазақстан Республикасындағы шетелдік инвестицияларды тартудың қазіргі жағдайы макроэкономикалық көрсеткіштердің салыстырмалы тұрақталуы тұсында экономикалық өсуге жету шараларын жүзеге асыру маңызды міндет болып отыр. Экономикалық өсу тұжырымдамасы, шетелдік инвестицияны тартуды көрсетеді. Шетелдік инвестицияларды тарту көптеген проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, бұл біріншіден, экономикалық өсу факторымен алдыңғы қатарлы технологиялар меңгеріледі, нарықта отандық тауарлардың толуы жүреді, экспорттық өнімнің бәсеке қабілеттілігі артады. Қазақстан Республикасындағы шетелдік инвестицияларды тартудың қазіргі жағдайы ірі нарықтық әлеуетіне, табиғи ресурстардың көптігіне қарамастан, экономикасы шетелдік инвесторлардың тікелей инвестициялары үшін әлде де болса тартымды емес. Бірақ, соңғы кезде тікелей шетелдік инвестиция әкелетін инвесторларға жеңілдік жасаумен қатар, мемлекеттік қолдау туралы жаңа заңдар мен бағдарламаларды қолдану арқылы жағдай қолайлырақ бола бастады.

Қазақстанға соңғы бірнеше жылдарда төмендеу үрдісін көрсеткен тікелей инвестициялардың жалпы ағыны 2016–2017 жылдары біршама артып келеді. Осыған байланысты, Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың таза ағыны, ҚР Ұлттық Банк деректері бойынша

2016–2017 жылдары елге капиталдың келуінің негізгі көзі болды. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстан экономикасына Қытай және Ресей инвестицияларының әсерінің артуын болжайды [1].


Бүгінгі күні кез-келген мемлекеттің экономикасында шетелдік инвестициялар маңызды рөл атқарады. 1-суретке сәйкес 2005–2017 жылдар аралығындағы талдау динамикасына сәйкес, Қазақстанда тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны 2,6 есеге немесе 160,7%-ға артты. 2005–2012 жылдар кезеңі аралығында ұлғаюы бойынша жалпы өсу үрдісіне қарамастан, 2013 жылдан 2015 жылға дейін төмендеу байқалды. Егер 2013 жылы, төмендеу 16,6% деңгейінде тіркелген болса, 2014 жылы 1,5% деңгейінде, ал 2015 жылы 37,8%-ға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағынын рекордтық қысқаруы 2015 жылы байқалды. Бұл әлсіреу энергия көздерімен металдарға әлемдік бағалардың төмендеуімен, сондай-ақ әлемдегі геосаяси тұрақсыздықтың төмендеуімен байланысты болып отыр. 2016 жылы жағдай жақсарды және тікелей шетелдік 3 инвестициялардың ағыны 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы 38,0% немесе 5,8 млрд АҚШ долларына артып 20,9 млрд АҚШ долларын құрады. Соңғы 2017 жылғы Ұлттық Банктің мәліметтеріне сәйкес, тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағынының көлемі 20,8 млрд АҚШ долларын құраған. Демек, бұл көрсеткіш деңгейі өткен 2016 жылмен шамалас. Оның ішінде шикізатпен байланысты емес инвестицияның көлемі 10,7 млрд АҚШ долларын құрайды. Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағынының үлкен көлемі біріншіден, кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу бойынша – 40,1%-ды, көтерме және бөлшек саудада – 36,6%-ды құраса, өңдеу өнеркәсібінде – 27,2%-ды құрағандығын көрсетеді [2].



Сурет 1 – Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны, млн АҚШ долларымен [2]

Тікелей шетелдік инвесторларға тікелей шетелдік инвестицияларды төлейтін қазақстандық кәсіпорындардың кірістерінің өсу үрдісін көрсетті. Үш жылдан кейін 2016 жылы кірістердің өсуінің төмендеуі 23,8%-ды құрады. 2017 жылдың 1-тоқсанында тікелей шетелдік инвесторлардың кірісі 4 млрд теңгені құрады, олардың ішіндегі ең үлкен үлесі меншікті капиталдағы кірістер болды, атап айтқанда дивидендтер (43%), ең аз бөлігі – борыштық құралдар бойынша сыйақылар (18,3%).

2015–2016 жылдардың қорытындысы бойынша Қазақстанға тікелей инвестициялар бойынша көшті Нидерланды, АҚШ, Швейцария және Франция елдері бастап тұр. 2-суретке (б. 13) сәйкес 2016 жылы Нидерланды Қазақстанға тікелей инвестицияны 33%-ға (1,9 млрд АҚШ доллары) арттырғанына қарамастан, олардың тікелей шетелдік инвесторлар құрылымындағы үлесі 2%-ға төмендеп, 2016 жылдың соңына қарай 37% құрады. Сондай-ақ, ТОП-4 қоспағанда, басқа елдерден келетін тікелей шетел инвестициялары айтарлықтай өсті, сандық қатынасы ретінде 71% немесе 2,4 млрд АҚШ долларына өсті, ал тікелей шетелдік инвестицияның жалпы көлеміне қатынасындағы үлесі 5%-ға өсті. Одан басқа, 2016 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша, Қытайдың Қазақстанға тікелей инвестициялары 623,9 млн долларды құрады. 2015 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 535,4 млн долларға өсті.



Сурет 2 – ҚР-да елдер бойынша тікелей шетелдік инвесторлардың құрылымы, %

Қытайлық инвестициялардың әлеуеті Елбасының Қазақстан халқына арнаған жолдауында атап өтілді: «Қазақстанда Қытаймен бірлесіп өндірісті құру үшін инвестициялық бағдарламаны тиімді іске асыру қажет. Қытай тарапымен келісімдерге қол жеткізілді. Бұл қазақстандықтар үшін шамамен 20 мың жаңа жұмыс орнын құрумен заманауи өндіріс болады. Бүгінгі күні алты жобаны іске асыру басталды және екі жоба іске қосылды. Солардың бірі гибридік және барлық электрлік ЖАС автомобильдерінің үлкен жиынтық құрастыру зауыты». Нидерланды Қазақстанға тікелей инвестициялардың көшбасшысы болып келеді және 2017 жылдың 1 қаңтарына жалпы ағындарға келетін инвестиция көлемінің үлесі 39,5%-ды құрады. Нидерландық инвестициялаудың негізгі бағыты – голландтық инвестициялардың көп бөлігі құйылған мұнай-газ секторы.

Бүгінгі күні Қазақстанда «Шелл» концерн сияқты көптеген ірі голландиялық кәсіпорындар СВ&І, «Виттеveen+Бос» және «Ван Оорд» инженерлік компаниялары және Philips медициналық техникалық жабдықтары және тұтыну өнімдерін өндіру мен өңдеу бойынша әлемдік көшбасшы жұмыс істейді.

Қазақстандағы инвестициялар бойынша екінші көшбасшы – АҚШ. Қазақстан экономикасына 2016 жылдың 9 айындағы американдық инвестициялардың үлесі 15,4%-ды құрады. АҚШ-тан келген инвестициялардың басым бөлігі бүгінгі таңда жоғары табысқа жету перспективаларына тартылған мұнай компанияларынан келеді. Американдық капиталдың Қазақстанға белсенді енуі 1993 жылдың сәуір айында басталды, республика үкіметі және «Chevron» компаниясымен Теңіз мұнай кенішін өңдеп игеру үшін «Тенгизшевройл» бірлескен кәсіпорнын құрды. Бүгінде американдық мұнай компаниялары Қазақстан аймағында мұнай өндіретін ірі жобалармен айналысады. Швейцариядан тікелей инвестициялардың ағымы 2016 жылдың 3 тоқсанына 1,74 млрд АҚШ долл. немесе тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағынының 12%-ын құрады. Қазақстандағы ең ірі Швейцария инвесторлары Glencore International AG («Казцинк Холдингс» ЖШС құрылтайшылары), PhilipMorris, АBB, Rieter. Сондай-ақ, Қазақстан экономикасындағы ірі инвесторлар – Франция мен Бельгия [3].

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан үкіметі шетелдік капиталдың қатысуымен бірлескен экономикалық жобаларды жүзеге асыруға мақсатты бағытталған және дәйекті саясатын жүргізіп келеді. Сонымен қатар, көмірсутек шикізатының барланған қорлары бойынша әлемде 14-ші орын алатын Қазақстанның мұнай-газ саласы көптеген ірі халықаралық компаниялар үшін ұзақ мерзімді негізде инвестициялық нысанға айналды. 2016 жылдың қорытындысы бойынша шетелдік инвесторлардан Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны негізінен тау-кен өнеркәсібі мен карьерлерді өңдеуге (34,3%), кәсіби, ғылыми-техникалық қызметке (23,6%) және өңдеу өнеркәсібіне (18,4%) бағытталған болатын, ал шаруашылық-экономикалық қызметтің қалған түрлері 23,7%-дық бөлігін құрайды.

2005–2016 жылдар аралығында Қазақстан жалпы тікелей шетелдік инвестициялардың шамамен 243 млрд АҚШ долларын тартылғандығын айта кету керек. Бұл қолайлы инвестициялық ахуалдың арқасында мүмкіндік алып отыр. Алайда, кей жағдайларда көбіне инвести-

цияны мұнайға, оның ішінде мұнайлы өңірлерге салып отырды. Мұның бір басты себебі, мұнай бағасының тұрақсыздығы, теңсіздіктің жоқтығы әсер етіп отыр. Осыған байланысты, өз кезегінде шетелдік инвестициялардың жалпы республикалық көлемінің қомақты үлесі Атырау, Маңғыстау (55,4%) және Батыс Қазақстан (14,9%) облыстарында игерілді.

Инвесторларды қолдау мақсатында, инвестициялық жобалар бойынша өңірлерде компаниялар үшін инвестициялық преференциялардың мынадай түрлерін: инвестициялық және салықтық преференциялар, атап айтқанда кедендік баждарды салудан босату, мемлекеттік зәттай гранттар, инвесторлар үшін «бір терезе» қағидасы, инвестициялық басымдылықты жоба бойынша қосымша салық жеңілдіктері мен инвестициялық субсидиялар беріледі [4].

Сонымен қатар, республика аумағында арнайы экономикалық және индустриалды аймақтар, бизнесті қолдау және инвестицияларды құқықтық қорғау үшін жүзеге асырылады. Осының бәрі Қазақстан инвестиция үшін ашық болып табылатындығын көрсетеді. Сондай-ақ инвесторларды қолдау үшін мемлекеттік іс-шаралар, яғни ауқымды жобалар «Астана» халықаралық қаржы орталығының құрылуына байланысты шетелдік инвестицияларды арттыру күтілуде. Шетелдік инвестицияларды тарту және инвестициялық қызметті дамыту үшін Қазақстанда барлық жағдай жасалғанын атап өту керек. Мемлекет, өз кезегінде, экономиканың шикізаттық емес секторына тікелей инвестициялар тарту үшін барлық ықпалды құралдарды пайдалану керек.

Осылайша, инвестициялық қызметті жандандыру үшін мемлекеттік реттеу шараларын жедел басқару жүйесі қажет, ол мыналарды қамтуы тиіс:

- ◆ мемлекеттік және жеке инвестицияларды ұтымды пайдалану;
- ◆ мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды қалыптастыру механизмін жетілдіру;
- ◆ экономикадағы қайта өндіру процестерді қалпына келтіру мақсатында инвестициялық қызметтің нақты бағыттарын анықтау;
- ◆ мемлекеттен бағалы қағаздар нарығын дамытуға жәрдемдесу және жинақтарды инвестицияларға айналдырудың тиімді жүйесін құру;
- ◆ олардың қаржы ресурстарын инвестициялық бағыттылығын күшейту мақсатында банк секторын қайта ұйымдастыру;
- ◆ өндіріс саласына бағытталған инвестицияларды кепілдендірудің тиімді жүйесін құру бағытында жұмысты жалғастыру;
- ◆ инвестициялық салдымдарға кәсіпорындардың меншікті қаражатын ұлғайту үшін амортизациялық саясатты жетілдіру.

Бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жалпы бизнес-ортаны жақсартуға және инвестициялар ағынын ынталандыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар қабылдауға болады. Бұл саясат іс-шаралары инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін маңызды. Мысалы, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, салалық кедергілерді жою, іскерлік байланыстарды орнату және маркетингтік/сауда-саттық науқандарын өткізу үшін қажетті дағдылар кешенін жетілдіру – бұл елді ТШИ үшін тартымды ете алады. Сонымен, шетелдік инвестициялар инвестициялық дағдарысты еңсеруге байланысты барлық проблемаларды шешудің әмбебап тәсілі болып саналады және инвестициялық процесте жеткілікті күшті катализатор рөлін атқаруы тиіс.

2017–2020 жылдары экономиканың өсу темпі 2,1–3,6% құрайды. ЖІӨ-нің номиналды (рейтингілік бағалауы) өсуі 2020 жылдың соңына дейін жан басына шаққанда шамамен 3,9% құрайды немесе 13232,8 АҚШ доллары деңгейінде бағаланады. ҚР экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту экономикалық өсуді қамтамасыз етуде ең маңызды фактор болады. Қазақстанның экономикалық өсуінің сапалы нәтижесін көрсететін жалпы ішкі өнімнің көлемі 2015 жылы 40884,1 млрд тенгені құраса, ал 2016 жылы 45473,8 млрд тенгені құрап, оның 17,0%-дық үлесі негізгі капиталға салынған инвестицияларға тиесілі (кесте 1, б. 15) [5]. Қазақстан экономикасы дамуында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің соңғы 5 жылда өсімі байқалды.

Қазақстан шетелдік инвестицияларды тартуда көшбасшы ұстанымын сақтау қажет. Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту болашағы, ел экономикасында қаржы ресурстарын тартуда маңызды рөлді «Астана» халықаралық қаржы орталығы атқаруы тиіс. Қазақстан эспортында шикізат тауарларына әлемдік бағаның құлауы нәтижесінде, елдің төлем балансы ағымдағы есепшот қалдығының ауысуы теріс даму траекториясымен сипатталатын болады.

Кесте 1 – Қазақстан экономикасына ЖІӨ инвестициялардың үлесі

Көрсеткіштер	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл
Жалпы ішкі өнім, млрд тг	31 015,2	35 999,0	39 675,8	40 884,1	45 473,8
Инвестициялар, млрд тг	5 473,2	6 072,7	6 591,5	7 024,7	7 718,8
ЖІӨ-дегі үлесі, %	17,6	16,8	16,6	17,2	17,0

2018–2020 жылдары мұнайға әлемдік бағаның барреліне 50 АҚШ долларына өсуін есепке алғанда, тауарлар экспортының көлемі жылдық орташа деңгейі 8,9%-ға өседі деп күтілуде. Энергия тасымалдаушыларға әлемдік бағалардың төмендеуі салдарынан экспорттық тауарларға қарағанда, импорттық тауарлар көлемінің төмендеуінің маңыздылығы аз болады. 2017 жылы импорттық тауарлар көлемінің құны 34,1%-ға төмендеп немесе 28 641,4 млн АҚШ долларын құрады. Ал 2018 жылы импорттық тауарлардың көлемі бірте-бірте 2,1%-ға өсіп, 2020 жылы 30 482,3 млн АҚШ долларын құрайды [5].

Тауарлар импорты көлемінің тауарлар экспорты көлеміне қарағанда айтарлықтай төмендеуін ескере отырып, төлем балансының ағымдағы шоты 2018–2020 жылдары теріс динамикамен сипатталатын болады. Осыған байланысты, Қазақстан экономикасына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту стратегиясы, сондай-ақ еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыру маңызды ерекше мәселе болып саналады. ҚР Үкіметінің саясаты мемлекеттің экономикасына шетел инвестицияларын тартуға бағытталған. Тартылған шетелдік капитал бәсекеге қабілетті өнім өндіру мақсаттары үшін экономикадағы құрылымдық реформаларды, экономикалық базаны дамытуға, бизнесті дамытуға қазіргі заманғы инфрақұрылымды құруды жүзеге асыру маңызды рөл атқарады.

Жоғарыда аталаған іс-шаралар жүзеге асырылған кезде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы, болашақта ЖІӨ-нің көлемі артып экономиканың тұрақтануына, сонымен қатар шетелдік инвесторларды тартумен байланысты макроэкономикалық тұрақтылық жұмыс орындарының көбеюі маңызды оң жағымды нәтижелі болады деп есептейміз. Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың көлемін болашақта ұлғайту үшін және жоғарыдағы аталған мәселелерді шешу үшін мынадай бірқатар жүзеге асырылуы қажет автормен ұсыныстар беріледі:

- ♦ шетелдік компаниялармен рұқсат етілген өндірістік қызметімен айналысу және олардың табыстарын қайта инвестициялау үшін, формальды жағдайларды барынша жеңілдету керек;

- ♦ осы саладағы маңызды шаралар, егжей-тегжейлі қарастырылған барлық жеңілдіктер мен преференциялар шетелдік инвесторлармен Мемлекеттік инвестициялар бойынша комитетінің арасындағы келісімшарттар жасасу керек.

Келісімшарт жасалса мақұлданған тәртіп шетелдік инвесторларды осы күнге дейінгі тәжірибе жүзінде келе жатқан көптеген бюрократиялық рәсімдерден босатуға, сонымен қатар, шетелдік компаниялардың кірістерін қайта инвестициялау үшін ынталандыруды бір мезгілде күшейтуге де болар еді:

- ♦ шетелдік капиталмен және шетелдік фирмалармен компанияларды аккредиттеуде кәсіпорындарды тіркеу үшін тіркеу органын құру керек;

- ♦ шетелдік инвестицияларды тарту саласында шетелдік инвесторларға түсініксіз кейбір нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру керек;

- ♦ шетелдік инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау, халықаралық сауда-саттық тендерлерін ұйымдастыру және ашық түрде өткізу, концессиялық келісімдер мен өнімді бөлу туралы келісімдер жасасу, нақты инвестициялық жобаларға халықаралық қаржылық ұйымдарынан және шетел мемлекеттерінен алынған несиелерді толықтыру және олардың шетелдік инвесторлардың қызметін реттеу жөніндегі халықаралық шарттар жасасу бойынша жұмыстарды тиімді жүргізуді қажет етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ибраева А. Иностранные инвестиции возвращаются в Казахстан. 02.03.2017: <https://kursiv.kz>.
- 2 ҚРҰБ ресми сайты: <http://www.nationalbank.kz>.

3 Официальный сайт Комитета по статистике Министерства национальной экономики. URL: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) 2016 г.

4 Forbes.kz Kazakh Invest Ұлттық компаниясының есебі, 2018 ж.

5 ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуы. – Астана, 2017.

#### **Аннотация**

В статье рассматривается современное состояние иностранных инвестиций в экономику Казахстана. Приток иностранных инвестиций играет важную роль в развитии экономики. В то же время привлечение иностранных инвестиций и их эффективное использование является объективным процессом. Как известно, главной задачей государственной инвестиционной политики нашей страны является создание благоприятной среды для расширения внебюджетных источников финансирования капитальных вложений и привлечения частных отечественных и иностранных инвестиций на основе дальнейшего совершенствования нормативно-законодательной базы и государственной поддержки эффективных инвестиционных проектов. Ориентируясь на рыночные отношения, главным направлением экономических реформ становится выработка и реализация инвестиционной политики государства, нацеленной на обеспечение высоких темпов экономического роста и повышение эффективности экономики. В сложившихся условиях для обеспечения структурных преобразований экономики на основе программы действий правительства по углублению реформ и в условиях ограниченности внутренних источников финансирования исключительно важное значение приобретает привлечение иностранного капитала в экономику республики. В статье приводятся рекомендации автора относительно будущего увеличения прямых иностранных инвестиций в Казахстан и решения этих вопросов.

Ключевые слова: иностранные инвестиции, экономический рост, промышленность, инвесторы, инновации, макроэкономические показатели, капитализация, международные компании, инфраструктура.

#### **Abstract**

The article deals with the current state of foreign investment in the economy of Kazakhstan. The inflow of foreign investment plays a significant part in the development of Kazakhstan economy. At the same time, attraction of foreign investments and their efficient use are an objective process. As it is known, the main aim of the state investment policy of our country is to create favorable environment for expanding extrabudgetary sources of financing capital investments and attracting private domestic and foreign investments through further improving the regulatory framework and state support for effective investment projects. Oriented to market relations, the main direction of economic reforms is the development and implementation of the state investment policy aimed at ensuring high rates of economic growth and improving the efficiency of the economy. Under current conditions, to ensure structural reforms in the economy on the basis of the government's program of action to deepen reforms and in the context of limited domestic sources of financing, the attraction of foreign capital to the economy of the republic becomes extremely important. The article depicts the author's recommendations on the future increase in foreign direct investment in Kazakhstan and the solutions to these issues.

Key words: foreign investments, economic growth, industry, investors, innovations, macroeconomic indicators, capitalization, international companies, infrastructure.